



## ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ

Екіжақты тиімді байланысты дамытады

2-БЕТ



## ЖАРАЛЫ ЖАДЫНЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

5-БЕТ



## БАЛА КҮЛКІСІ – ПЕЙШ СИМФОНИЯСЫ

6-7-БЕТТЕР

## «ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ»



Сурет: ЖИ

# КЕЛІҢІЗ, КІТАП ОҚИЫҚ!

Алматы саябақтарында ашық сөре алаңдары іске қосылады

**Соңғы жылдары әлемнің ірі қалаларында ашық аспан астындағы кітап сөрелері тұрғындар арасында ерекше танымал мәдени жобаға айналып келеді. Мұндай көріністі енді Алматының жап-жасыл саябақтарынан да көре аласыз.**

1 маусымнан бастап Алматы қаласында жазғы буккроссинг алаңдары өз жұмысын бастайды. Жаңа жоба аясында тұрғындар мен қала қонақтары кітаптарды тегін алып оқып, өзара алмастыра алады. Бастама қоғамдық кеңістіктерде кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, зияткерлік демалысты дамытуға бағытталған.

Кітап сөрелері Ганди және Қарғалы саябақтарында, М.Мақатаев атындағы скверде, сондай-ақ Центральная көшесі, 12 Б мекенжайындағы №44 кітапханада орналастырылады. Ал шілде айынан бастап буккроссинг алаңы Гоголь көшесі, 109 мекенжайында орна-

ласқан А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада да ашылады.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы өкілдерінің мәліметінше, кітап сөрелері дүйсенбіден сенбіге дейін сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істейді. Кітап қоры тұрақты түрде жаңартылып отырады. Оқырмандарға көркем әдебиетпен қатар танымдық және мотивациялық кітаптар ұсынылады.

Жоба авторларының айтуынша, буккроссинг алаңдары қалалық кеңістіктерді тек демалыс орны ғана емес, мәдени әрі зияткерлік байланыс орнататын ортаға айналдыруды көздейді.

– Буккроссинг форматы тұрғындарға таза ауада кітап оқуға, өз кітаптарын басқа оқырмандармен бөлісуге және жаңа әдебиеттермен танысуға мүмкіндік береді, – дейді ұйымдастырушылар.

Бұл жоба Алматыдағы қоғамдық кеңістіктердің мазмұнын байытып қана қоймай, кітап оқу мәдениетін жаңа форматта дамытуға мүмкіндік береді. Ашық саябақтар мен демалыс орындарында ұйымдастырылған буккроссинг алаңдары тұрғындардың зияткерлік демалысқа деген қызығушылығын арттырып, кітапты қолжетімді әрі күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, жоба қала тұрғындары арасында мәдени байланыс пен ортақ оқырмандық ортаны қалыптастырып, Алматының заманауи әрі рухани дамыған мегаполис ретіндегі келбетін күшейте түседі.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



САРАП-TIME

## ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ

екіжақты тиімді байланысты дамытады



27–29 мамыр күндері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келді. Мемлекеттер басшылары екіжақты келіссөз жүргізіп, екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің және одақтас-тық қатынастардың қазіргі жай-күйін, әрі оны нығайту перспективасын талқылады. Сондай-ақ, 28 мамырда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер басшыларының қатысуымен Еуразиялық экономикалық форум өтті. Ал бүгін 29 мамырда Жоғары Еуразиялық кеңестің отырысы ұйымдас-тырылады.

## Берік сенім мен дипломатия

Соңғы жылдары Қазақстан мен Ресей арасында саяси, сауда-экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарда қарым-қатынас нығайып келе жатыр. Бұған мемлекеттер басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путиннің

ішкі және сыртқы саясаты оң әсер етуде. Жоғары деңгейдегі саяси диалог екі ел арасындағы өзекті мәселелерді шешілуіне, стратегиялық серіктестік пен одақтас-тық қарым-қатынастың дамуына себепші болып отыр. Бұл, әсіресе, қазіргідей геосаяси тұрақсыздық пен әлемдік тәртіптің өзгеру кезеңінде өте қажет.

Екі тарап та саяси диалог пен іс-шараларға жоғары деңгейде дайындықты көрсетуде. Мұны елдер басшыларының бір-біріне жасаған мемлекеттік сапарларын ұйымдастыру мен өткізу, қол қойылған құжаттар деңгейі аңғартады. Мысалы, бұған дейінгі Владимир Путиннің елімізге жасаған мемлекеттік сапарында «Жаңа жаһандық тәртіп жағдайында стратегиялық әріптестікті тереңдету туралы Қазақстан Республикасы Президенті мен Ресей Федерациясы Президентінің бірлескен» мәлімдемесіне қол қойылды. Осылайша екі ел арасында стратегиялық әріптестік тереңдей түсті.

Айта кетейік, 2024 жылы 27-28 қарашада өткен мемлекеттік сапар Владимир Путиннің сол жылы сайлауда жеңіске жеткеннен кейінгі алғашқы рет елімізге келуі еді.

Ал Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейге мемлекеттік сапармен былтыр 12 қарашада барған. Екі ел басшыларының келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекетаралық қарым-қатынасын жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтас-тық деңгейіне дейін жеткізу жөніндегі декларацияға қол қойылған. Яғни стратегиялық серіктестік пен одақтас-тық жан-жақты сипатқа ие болды. Осылайша екі елдің қарым-қатынасын «алыстағы туыстан, жақындағы көрші артық» деген қазақ халқының даналығымен сипаттауға болады.

## Тең құқылы және өзара құрмет қарым-қатынасы

Владимир Путин 2024 жылдан бері тек Қазақстанға ғана екі рет мемлекеттік сапар жасаған. Қытайға және өзге Орта-

лық Азия мемлекеттеріне осы уақытқа дейін бір реттен артық мемлекеттік сапармен бармаған. Бұл Қазақстанмен көрші елдің саяси сенімге негізделген дипломатиялық байланыстарының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

28 мамырда Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Кеңейтілген құрамдағы кездесуде Владимир Путин Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы тең құқылы және өзара құрметке негізделгенін мәлімдеді. Бұл Ресейдің Қазақстанмен тең дәрежеде байланыс орнатуға ниетті екенін аңғартады. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың осындай деңгейде болуы мен елімізге жасалып жатқан саяси құрмет қазақстандық дипломатияның жетістігі екені сөзсіз.

Владимир Путиннің Қазақстанға мемлекеттік сапары қарсаңында арнайы мақаласының шығуы да екіжақты байланыстың жоғары деңгейде екенін көрсетеді. «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған мақалада көрші елдің басшысы Ресей-Қазақстан қарым-қатынастарының қазіргі жай-күйіне және оның келешегіне қатысты ойларын ортаға салған.

Ресей президенті мақалада екі елдің ынтымақтастығын бүкіл Еуразия аумағындағы бейбітшілікті, тұрақтылықты және әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін атап өткен. Расында да, Қазақстан Ресейді бір жағы Орталық Азия және Оңтүстік Еуразиямен, екінші жағынан Қытаймен байланыстыратын мемлекет. Сондықтан аймақтағы тұрақтылық бүкіл Еуразиядағы тұрақтылыққа тікелей әсер етеді.

Қорыта келе, биылғы мемлекеттік сапар жоғары деңгейде өткенін және екі тарапқа да тиімді құжаттарға қол қойылғанын атап өтуге болады. Олардың қатарында екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтас-тық қатынастардың жеті негізі туралы бірлескен мәлімдеме, Қазақстанда атом электр станциясының құрылысына қатысты келісім бар.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.

ТУРИЗМ

Шаһарда Көкжайлау аумағында жүзеге асырылуы жоспарланған Almaty SuperSki тау курорты жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар аяқталды. Ашық форматта өткен жиында қоғам өкілдері, экологтар, кәсіпкерлер, туризм саласының мамандары, спорт федерациялары және қала тұрғындары жобаның экономикалық, туристік, әлеуметтік және экологиялық қырларын талқылады.

Жоба жетекшісі Ержан Еркінбаевтың айтуынша, жоба әзірленер алдында тұрғындардың, экологтардың, ғалымдардың және спорт қауымдастығының ұсыныстары зерттелген.

«Біздің міндет – табиғат пен туризмді бір-біріне қарсы қою емес. Керісінше, табиғатты сақтай отырып, заманауи әрі қауіпсіз тау инфрақұрылымын қалыптастыру», – деді Е.Еркінбаев. Ол қазіргі кезде Алматының тау инфрақұрылымы келушілер ағынын толық көтере алмай отырғанын айтты. Мәселен, былтыр Шымбұлақ курортына 1,4 миллионнан астам адам барған. Демалыс күндері келушілер саны курорттың жоспарланған өткізу мүмкіндігінен бірнеше есе асып кеткен.

Жоба аясында 17 аспалы жол мен 60 шақырымнан астам шаңғы трассасын салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жаяу бағыттар, цифрлық навигация, құтқару жүйелері, қауіпсіздік белгілері, визит-орталықтар мен бақылау алаңдары қарастырылған. Жоба балаларға, қарт адамдарға және мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделмек.

Сарапшылар тау қауіпсіздігі мәселесіне де тоқталды. Олардың айтуынша, туристер саны көбейген сайын таудағы

ALMATY SUPERSKI:  
жоба қоғам талқысынан өтті

төтенше жағдайлар саны да артып келеді. Осыған байланысты федерация «Тау Жүрек: Биік мәдениет» жобасын іске қоспақ. Бастама аясында 100 мың бала мен жасөспірімге таудағы қауіпсіздік пен экологиялық мәдениет ережелері үйретіледі.

## 15 мың жұмыс орны құрылады

Қоғамдық кеңес мүшесі Ермек Қожамсүгіров тыңдау барысында жоба аясында 15 мыңға жуық жұмыс орны құрылатыны туралы ақпаратты нақтылады.

Жоба өкілдері бұл көрсеткіштің құрылыс кезеңіндегі және тұрақты жұмыспен қамтуды бірге есептегендегі болжам екенін айтты.

«Мұндай халықаралық деңгейдегі жобалар жастарға өз елінде кәсіби даму мүмкіндігін береді. Бұл кадрлардың шетелге кетуін азайтуға ықпал етеді», – деді белсенді.

## Бірнеше экологиялық миф жоққа шығарылды

Таулы аймаққа тұрғын үй кешені салынады деген қауесет қоғамда жиі талқы-

ланды. Бірақ «Іле Алатауы» ұлттық паркінің иелігінде қалады және ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін сақтайды. Сондықтан заң жүзінде ол жерге ешкімнің тұрғын үй кешенін салуға ешқандай құқығы жоқ.

Спикерлердің басым көбі реттелмеген туризмнің өзі табиғатқа зиян келтіріп жатқанын атап өтті. Мәселен, бақылаусыз соқпақтар көбейіп, қоқыс мәселесі күшейіп, ағаш тамырлары ашылып қалған жағдайлар бар көрінеді.

## Көпшіліктің қолдауын тапты

Тыңдау барысында жобаға қарсы пікірлерге де орын берілді. Кейбір экологтар мен белсенділер құрылыс Көкжайлаудың табиғи ландшафты мен экожүйесіне әсер етуі мүмкін деген уәж келтірді. Сондай-ақ, археологиялық нысандар мен тау бедерінің күрделілігіне қатысты алаңдаушылық білдірілді.

Дегенмен, қоғамдық тыңдау ресми түрде қорытындыланып, жоба қолдау тапты. Ендігі кезеңде техникалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптамалар мен инфрақұрылымдық дайындық жұмыстары жүргізілмек. Сарапшылардың пікірінше, Almaty SuperSki Алматының халықаралық туристік имиджін күшейтіп қана қоймай, қаланы жыл бойы турист қабылдайтын заманауи тау мегаполисіне айналдырады.

Дана САДЫРҚАН.  
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

№16 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА

# ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮЗДЕ АЯҚТАЛАДЫ

**Алматы қаласындағы денсаулық сақтау нысандарын салу және жаңғырту өңірді дамытудың басты бағыттарының бірі болып отыр. Осы бағытта қалада 10 медициналық нысанның құрылысы қатар жүріп жатыр, сонымен қатар бірқатар мекемеде сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жұмыстар атқарылуда.**

Солардың бірі – 1977 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан №16 қалалық емхана. Бүгінде бұл мекеме 63 мыңнан астам тұрғынға медициналық көмек көрсетеді.

Нысанның әлеуметтік маңызын ескеріп, оны сейсмикалық талаптарға сай бейімдеу керек дейді құрылыс жұмысына жауаптылар.

Қайта жаңарту жұмыстары негізгі 4 қабатты ғимаратты, зертханалық корпус пен 3 қабатты «Б» блогын қамтыды. Жалпы ауданы 5 мың шаршы метрден асатын нысанда тірек конструкциялар нығайтылып, ғимараттың сейсмикалық төзімділігі күшейтілді. Сонымен қатар, инженерлік желілер толығымен жаңартылды: жылу,



су, желдету және электр жүйелері жаңа талаптарға сәйкестендірілді. Емхана іші заманауи медициналық стандарттарға сай жөнделіп, халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолайлы орта жасалды.

«№16 емхананы жаңғырту – біз үшін аса жауапты іс. Мекеме 2 үлкен блоктан

тұрады. «Б» блогындағы жұмыстары толық аяқталып, емхана келушілерді қабылдап жатыр. Ал «А» блогында сыртқы қасбеттік, ішінде инженерлік жүйелерді тарту, әрлеу жұмыстары жүріп жатыр. Қазір нысанда инженерлік жүйелерді іске қосубаптау жұмыстары жүріп жатыр. Құрылыс



нысанының 75%-ы аяқталды, жобаны биыл күзде толық пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз», – дейді Құрылыс басқармасының бас маманы Әлішер Садман.

Спикер атап өткендей, бұл жобаның ерекшелігі – құрылыс жұмыстары емхананың күнделікті қызметіне кедергі келтірмейді.

Техникалық қадағалау маманы Қайрат Қайнарұлының сөзінше, жоба бойынша құрылыс жұмыстарына 100 адам тартылуы тиіс болған. Алайда, қазіргі таңда нысанда 50 адам жұмыс істеп жатыр. Соған қарамастан, құрылыс тамыз айына дейін толық аяқталып, нысан қолданысқа беріледі деп жоспарлануда.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ



## ТАУ КЛАСТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Талғар ауданының Бесқайнар ауылдық округінде қоғамдық тыңдау өтті. Күн тәртібінде «Алматыда тау кластерін дамыту», яғни Іле Алатауы баурайында тау-шаңғы курорттарын жетілдіру. Бұл бастама Алматы ғана емес, Орталық Азияда жыл бойы тау туризмін дамытуға мүмкіндік береді.**

Қоғамдық тыңдауға жергілікті тұрғындармен қатар экологтар, туризм саласы сарапшылары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Қатысушылар тау кластеріне қатысты мәселелерді жан-жақты талқылап, туризм және экология тақырыптарында пікір алмасты.

Жалпы, Алматы тау кластері бір-бірімен байланысқан бірыңғай курорттық желіні қарастырады. «Шымбұлақ», «Бутаковка» сайы, «Кимасар», «Пионер», және «Ой Қағарай» тау курорттары бір-бірімен жалғасқан жүйе жасау. Жобада аспалы жолды он алтыдан қырық төртке дейін көбейтіп, 41 шақырымнан 150 шақырымға дейін ұзарту қарастырылған. Аспалы жол арқылы 30 мыңға дейін турист тасу көзделген.

«Almaty Tau Management» басқарма төрағасы Жан Пьер Борало Австралия мен Францияда тау курорты желісін біріктіру жақсы тәжірибесі бар екенін айтып өтті. Бұл тау туризмінің дамуына, мегаполис

экономикасына оң әсер ететіні сөзсіз. Аталмыш жобаның тағы бір басымдылығы – таулы аймақ экологиясының сақталуы. Жоба қандай жағдайда да экологияға зиян келтірмейді дейді мамандар.

Тау кластерін дамыту Іле Алатауы ұлттық паркіне зияны жоқ жоба. Жоба әлеуметтік жақты да қарастырған. Демалыс қолжетімді болып, балалар мен зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға жеңілдіктер жасалынады. Жобаны жүзеге асырушылар да негізінен отандық компаниялар болмақ.

Алматы тау кластерін дамыту жылына бір миллиондай шетелдік туристердің келуіне мүмкіндік береді. Он мың жұмыс орны ашылады. Жоба жүзеге асқанда, Алматы бюджетіне 500 млрд. теңге түсім келуі тиіс. Бұдан өзге, Алматы – Орталық Азиядағы тау туризмі дамыған ерекше аймаққа айналуы тиіс. Оған үлкен мүмкіндік бар.

Нұрлан СҮЙІН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БІЛІМ

**Енді санаулы күнде мектеп бітіруші түлектер үшін нағыз қарбаласқа толы кезең басталады. Дәл қазір елімізде негізгі Ұлттық бірыңғай тестілеу жалғасып жатыр. Осынау сындарлы сынаққа Алматы мектептерінің 18 960 түлегі қатысып, бағын сынамақшы.**

Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында өткен брифингте Ұлттық тестілеудің Алматыдағы бөлімшесі мен Қалалық білім берудегі жаңа технологияның ғылыми-әдістемелік орталығының өкілдері сынақ барысы туралы егжей-тегжейін баяндап берді.

Биыл Алматыда 20 911 оқушы мектеп бітірді. Олардың 56%-ы тестілеуді қазақ тілінде, ал 44%-ы орыс тілінде тапсырмақшы. 9,5% түлек ҰБТ-ға қатыспауды шешкен, бұған олардың шетелдік жоғары оқу орындарына түскені, колледждерді таңдағаны себеп болды. «Түлектер қазір тестілеуге барынша жауапты қарайды. Бұл бағытта мектептер мен қаланың әдістемелік қызметтері үлкен жұмыс жасап жатқанын айтып өткен орынды», – дейді Ұлттық тестілеу орталығының Алматыдағы жетекшісі Жұмабике Сұлтанова.

## ҰБТ – 2026:

Алматыда 18 мыңнан астам түлек қатысады

Бұған қоса, қалалық Білім басқармасы өкілдері де ҰБТ-ға даярлық жыл бойы жүйелі түрде жүргізілетінін айтты. Қаңтар, наурыз бен мамыр айында өткен тестілеу қорытындысы бойынша Алматыдағы 227 мектептің 177-сі 120 балдан жоғары нәтиже көрсетті. 80-нен астам мектепте 130 бен одан жоғары балл жинағандар бар. 10–16 мамыр аралығындағы ҰБТ-ның орташа көрсеткіші 73,5 балл болды.

Білім беру ұйымдарының мәліметінше, тестілеу нәтижесі күшейтілген дайындық пен сынақты тұрақты талдаудың арқасында жақсарып келеді. Мамандар сондай-ақ, Алматы түлектері арасында қазақ тілінде білім алуға қызығушылық артқанын баса айтты. Биыл да мемлекеттік тілде ҰБТ тапсыратындардың саны орыс тілін таңдағандарға қарағанда көп болып шыққан.

**140 балдан  
137 балл жинаған**

Қаламыздағы Ж.Жабаев атындағы №161 лицейдің оқушысы Шерәлі Ыдырысжанов

сынақтың ең жоғары көрсеткішіне қол жеткізіп, 140 балл жинаса, №172 мектеп-гимназиясының оқушысы Заңғар Әбдіқани негізгі ҰБТ-2026-да 137 балл жинаған.

Шерәлі Ыдырысжановтың айтуынша, ол былтырғы тамыз айынан бастап алдағы сынаққа жан-жақты дайындала бастаған. Ең жоғары нәтижеге жетуіне ата-анасының, мұғалімдерінің қолдауы мен бар уақытын арнағаны көп көмек болған.

– Уақытымды тиімді пайдаланып, әлеуметтік желіге кірмей, күн тәртібін сақтауға тырыстым. Қиын тақырыпты мұғалімдермен бірге талқылап, материалды үнемі қайталап отырдым, – дейді жас түлек.

Ал №172 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Заңғар Әбдіқани де ҰБТ-да жоғары нәтиже көрсетіп, 137 балл алған. Ол көбіне математика мен бейіндік пәндерге көңіл бөліп, үздіксіз еңбек еткендіктен жеттім, – дейді.

Рая ЕСКЕНДІР.

(Суреттер: ашық дереккөзден).





# СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

**«Судың да сұрауы бар» деген сөз жәй ғана таптаурын сөз тіркесі ме? Сарқырап аққан өзендерді көргенде, суды мәңгі қайталана беретін, түгесілмейтін ресурс санаймыз. Бірақ әлем шындығы олай емес. Ғалымдар 2025 жылы су тапшылығын қазіргі ғаламның шынайы құбылысы деп бағалады.**

Су – стратегиялық қаруға айналып барады. БҰҰ мәліметтеріне сүйенсек, соңғы 50 жылда су ресурстарына қатысты 507 қақтығыс тіркелген. ХХІ ғасырдың ортасына қарай 4 миллиардтан астам адам тапшылық көруі мүмкін. Дамыған елдер бұл тығырықтан шығу үшін суды жәй ғана тауар түрінде дәріптеуді қойды. Дабыл қағып, «айрықша қорғауды қажет ететін мұра» деп тани бастады.

Мұндайда су тапшылығымен күресіп жатқан Еуроодақ елдері жыл сайын су жобаларына деп 1,5 млрд. еуро жұмсайды. Мұндағы басты ұстаным – суды жәй ғана тауар ретінде емес, қорғауды қажет ететін «мұра» ретінде қарастыру. Ал Франциядағы су агенттіктері арнайы субсидия бөліп жатыр. Олар су қолданғандар төлеген ақша мен айыппұлдар есебінен жылына 2 млрд. еуро қаражат тауып, су үнемдеуге септесер технология түрлерін іске жеккен.

Тың технологияға иек арта отырып, жұмыс жүргізуге машықтанған Израиль болса судың әр тамшы-

сын есептеп қана қоймай, оның құнын толық өтеу саясатына көшкен (1 м<sup>3</sup> үшін 1\$). Мұнда өнеркәсіп орындарына ағынды суды қайта пайдалану үшін гранттар беріледі. Нәтижесінде болат өндірісі мен мұнай өңдеу зауыттары суды бірнеше рет қолдануға мәжбүр.

Америкада су шаруашылығын қадағалайтын нақты бір орган жоқ. Бірақ елдегі су заңнамасы қатаң сақталады. Шығыс штаттарда «жағалау құқығы» қағидасы бар. Су үшін туындаған кез келген дау сот арқылы шешіледі.

## Мемлекет жүйелі түрдегі жұмысқа көшті

Су ресурстары жөніндегі отандық сарапшылар да проблеманың түпкі шөгіндісін қаузап көрген. Ауа райын былай қойғанда, тіршілік көзін жүйелеудегі, су жеткізудегі кілтпандар кеулеп шыққан. Сарапшы Ерлан Бадашев былай дейді:

«Суды тиімді пайдалану, ең алдымен, суды дұрыс есептеуден басталады. Өкінішке қарай, бізде 40–50 жыл бұрынғы ескі әдістер қолданыстан шыққан жоқ. Судың есебі жүргізілуі керек, бірақ бірыңғай есептеу жүйесі жоқ. Су қоймаларындағы судың мөлшерін, қаншалық келіп, қаншалық кетіп жатқанын дәстүрлі тәсілдерден гөрі заманауи өлшеуіш құралдармен нақты есептеу өте маңызды. Егер заманауи әдіс-тәсілдер арқылы қазіргі су қорлары-

мыздың жалпы мөлшерін дәл анықтап алсақ, оны қаншалық үнемдеп, қаншалық пайдалануға болатынын да дәл мөлшерлей аламыз».

Ел үкіметі болса «Еспесіздік» мәселесін шешу үшін бірыңғай цифрлық биллинг жүйесі енгізіліп жатқанын хабарлады. Бұл платформа өтінім беруден бастап, судың нақты тұтынылуын есептеу мен төлем жасауға дейінгі толық циклді қамтиды. Егер іске жегілсе, «қара су нарығын» күзеп, «саналы су бөлінісіне» жеткен болар едік.

Қуаңшылыққа қатысты сын-қатерлерге қарсы іс-шаралар қолға алынған. Мәселен, Қызылорда облысы сияқты күрші өсіретін өңірлердегі егіс алқаптарын ләзгерлік тегістеу әдісі ересен пайдаға кенелткен. Бұл технология суды 20%-ға дейін үнемдеуге, еселеп өнім алуға жол ашқан. 2025 жылы гектарына 58,1 центнерге дейін өнім көлемі өскен.

## Әрбір адам әлемді өзгерте алады

Алматы – халқы тығыз әрі күн сайын қарқынды өсіп келе жатқан мегаполистердің бірі. Алматыдағы су мәселесі тек тұрмыстық емес, стратегиялық маңызы бар мәселе. Кейінгі жылдары мегаполистегі су тұтыну көлемі тұрақты түрде өсіп жатыр.

Ресми статистикаға сәйкес, Алматыда жылына 190 миллион текше метр су пайдаланылады (2023 ж.). Бұл айына орта есеппен 15,8 миллион текше метр, ал тәулігіне шамамен, 520 мың текше метр су деген сөз. Литрмен есептегенде, қала бір күнде 520 миллион литрге жуық су тұтынады. Бұл көрсеткіштер мегаполистің су ресурсына түсетін жүктеменің қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Халық санының артуы, жаңа тұрғын үй кешендерінің көбеюі, өндіріс пен қызмет көрсету саласының кеңеюі су тұтыну көлемін ұлғайтып отыр.

Алайда, мәселенің шешімі тек жаңа инфрақұрылым салумен ғана шектелмейді. Су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру да маңызды. Мысалы, Алматыдағы әрбір тұрғын күніне небәрі 3 литр су үнемдесе не болады? Тіс жуғанда кранды жауып қою, ағып тұрған су жүйесін уақытында жөндеу, көкөніс пен ыдысты жуған суды қайта пайдалану, тұрмыстық техниканы үнем режимінде қолдану – мұның бәрі суды тиімді пайдалануға көмектеседі. Бір қарағанда бұл тым аз көлем болып көрінуі мүмкін. Бірақ мегаполис ауқымында оның нәтижесі орасан. Бүгінде Алматы халқының саны 2,3 миллионнан асады.

## Егер әр адам күн сайын 3 литр суды артық жұмсамай, үнемдеп отырса:

- күніне 7 миллион литрден астам су сақталады;
- айына шамамен, 210 миллион литр үнемделеді;
- ал жылына 2,5 миллиард литрден астам су қоры сақталып қалады.

Бұл – бірнеше су қоймасына тең келетін ауқымды ресурс. Қарапайым әдеттердің өзі кейде үлкен өзгеріске ықпал етеді.

**P.S.** Қаржылық және табиғи ресурстарды үнемдеу – бүгінгі күннің жалаң ұраны емес, ертеңгі ұрпақтың несібесін сақтау, ел-жеріміздің мәңгілік ғұмырына кепілгер болу.

Дастан ҚАСТАЙ

# НЫСАН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

**Алматы қаласында «Қазақстандағы «Түркия» түріктер қоғамы» өңірлік Ақоғамдық бірлестігі мен «Алматы Керуен» қайырымдылық мекемесіне қатысты сот аяқталды. Алматы қаласы Әділет департаментінің ұйымдастыруымен атқару шаралары өтеген батыр көшесінде орналасқан нысанда жүргізілді.**

Уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің мәліметінше, шараларға Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының заңды күшіне енген шешімі негіз болған. Сот Алматы қаласы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің талап-арызын қанағаттандырып, жылжымайтын мүлік нысанын босатып, мемлекет қарамағына беру туралы шешім шығарған.

Алматы қаласы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің заңды тұлғалармен жұмыс бөлімінің бас маманы Ерناзар Мамырханнның айтуынша, аталған ғимаратқа қатысты жалға беру қатынастары 2004 жылдың 11 мамырында басталған. Сол кезде жалпы ауданы 3895,3 шаршы метр болатын нысан «Қазақстандағы «Түркия» түріктер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне 2053 жылға

дейін өтеусіз пайдалануға берілген. Кейін 2010 жылы ғимарат ішінде жүргізілген құрылыс және жөндеу жұмыстарына байланысты нысан аумағына өзгерістер енгізілген. Сол жылы Түркия қоғамдастығы мен «Түркістан ислам мәдени орталығы» арасында құқықтар мен міндеттерді беру туралы келісім жасалып, жалдау мерзімі 2035 жылға дейін ұзартылған. Ал 2019 жылдың 19 қазанында Алматы қаласы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен «Сауран ислам мәдени орталығы» арасында құқықтарды қайта рәсімдеу туралы келісім жасалған.

2024 жылдың 13 қыркүйегінде «Алматы Керуен» қайырымдылық қоры мен өзге тарап арасында мемлекеттік мүлікті жалға беру туралы шарт рәсімделген. Алайда, бұл келісімге департамент қатыспаған. Кейін мемлекеттік органдар сотқа



жүгініп, сот шешімімен меншік құқығын тіркеу күші жойылып, бұған дейін жасалған келісімдердің барлығы жарамсыз деп танылған.

«Сот шешімімен өтеусіз пайдалану туралы шарт пен құқықтар мен міндеттерді беру туралы келісім бұзылды. Сонымен қатар, нысанды беру туралы келісім жарамсыз деп танылды. Апелляциялық шағым қаралғаннан кейін сот шешімі өзгеріссіз қалдырылып, заңды күшіне енді.

Осыған байланысты нысан заң талаптарына сәйкес мемлекет меншігіне қайтарылды», – деді Ерназар Мамырхан.


Атқарушылық іс-шара барысында мемлекеттік органдар сот актісінің орындалуын қамтамасыз етті. Нәтижесінде Өтеген батыр көшесінде орналасқан жылжымайтын мүлік нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қарамағына берілді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# ЖАРАЛЫ ЖАДЫНЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Алматыда орнатылған ескерткіш-мүсіндер «сөйлесін»



**31 мамыр – XX ғасырдың алғашқы жартысында халқымыз бастан кешкен ең ауыр нәубеттер ашаршылық пен тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбандарына тағзым ету күні. Бұл – ұлттық жадыны сақтаудың басты шарты. Бүгін сол тарихтың үнсіз куәгерлері, яғни ескерткіш-мүсіндер туралы айтамыз.**

## Ана қасіреті

Алматының Наурызбай батыр мен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы «Қарағайлы» саябағынан орын тепкен, баласын құшақтаған ана бейнесі – 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш. Биіктігі үш метр, қола мен граниттің қоспасынан құйылған мүсін Қанат Бегулиев, Айдос Бүркітбаев және Дулат Үсенбаев сынды танымал сәулетшілердің туындысы.

Композицияның негізгі идеясы – аштықтан баласын аман алып қала алмаған ананың жан күйзелісі, қасіреті. Баланың көзі жұмулы, ал әйелдің аяғының астында төңкеріліп қалған бос қазан жатыр. Бұл – халықты жайлаған аштықтың және тіршіліктің тоқырауының символы. Ана – өмірдің қайнар көзі, ұлттың ұйытқысы. Сондықтан ана қасіреті – ел қасіреті. Аштықтан бұратылған болашағын, яғни сәбиін құшақтаған қайғылы халі сол кезеңдегі өмір мен өлімнің арасындағы қазақ халқының басынан кешкен тәлейлі тағдырын көрсетіп тұрғандай.

Тарихи деректерге сәйкес, «Кіші қазан» төңкерісі салдарынан 40 миллионнан аса мал басы қырылып, халық алапат аштыққа ұшыраған. Нәубеттен 2 миллионнан астам адам көз жұмған. Көптеген зерттеушінің ортақ пікірі бойынша, сол ашаршылықта қазақ халқының шамамен, 40%-ға жуығы қынадай қырылған. Бұл – XX ғасырдағы қазақ тарихындағы ең үлкен демографиялық апаттардың бірі саналған. Әлеуметтік және рухани дамуына да орасан зор зардап әкелген.

Бүгінде жыл сайын 31 мамырда осы ескерткіштің алдына мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым, жастар және қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары жиналып, гүл шоқтарын қойып, боздақтардың рухына тағзым етеді.

## Қоладан құйылған Ахмет

Алматыдағы қазақ халқының ұлы ағартушысы, тіл

реформаторы, Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, саяси қуғын-сүргін құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлының қоладан құйылған бейнесі де біз үшін құнды. Гранит тұғырға орнатылған мүсіннің жалпы биіктігі шамамен, 5 метр. Монумент авторлары – мүсіншілер Айдос Бүркітбаев және Тимур Ермұхаметов.

Ескерткіш 2022 жылы ғалымның 150 жылдық мерейтойында, ұлт ұстазының қазақ әліпбиін жасап, тұңғыш оқулықтарды жазып, тіл білімінің негізін қалаған, ұлттық баспасөздің дамуына зор үлес қосқан мұрасын ұлықтау мақсатында тұрғызылған.

Бұл тас мүсін қазақ халқының рухани көшбасшысына көрсетілген құрмет қана емес, сонымен қатар кеңестік саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған Алаш арыстарының тарихи әділеттілігінің салтанат құруының символы іспетті.

«Желтоқсан Алматы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серікбек Жандыбай жылда 31 мамырда осы Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішіне келіп, саяси қуғын-сүргін құрбандарының аруағына тағзым етіп, гүл шоқтарын қоятынын айтады.

– Біз қазақтың бетке ұстар қаймақтарының көзін жоюға ұмтылған сонау Кеңестік жүйенің қитұрқы саясатын, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық нәубетті қалай ұмытамыз?! Одан бергіде орын алған Желтоқсан оқиғасы да бір кездері саяси басқыншылыққа қарсы тұрған Алаш ардақтыларының ізін жалғаған, Тәуелсіздікті армандаған жастардың жанайқайы болатын. Биыл да жылдағы дәстүрімізден жаңылмай Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішінің алдына жиналып, құрмет көрсетіп, саяси қуғын-сүргін құрбандарына ас беріп, Құран бағыштаймыз, – дейді Серікбек Жандыбай.

## Қазақ зиялыларына тағзым

Алматы облысының Талғар ауданындағы Жаңалық ауылында бой көтерген саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішті Алматыдан бөліп қарау мүмкін емес. Біріншіден, осынау еңселі монумент мегаполистен тым алыста емес, іргемізде, 40 шақырымдай ғана жерде орналасқан. Екіншіден, 1937-1938 жылдары Алматыдағы НКВД түрмесінде ату жазасына кесілген 5 мыңдай репрессия құрбанының сүйегі сонда жатыр. Үшіншіден, тарих, қасірет ортақ.

Тарихшылардың айтуынша, Жаңалықта Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Санжар Асфендияров, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров,

Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабай және басқа да көптеген қазақ зиялылары жерленген.

Жалпы, бұл жер ұзақ уақыт бойы белгісіз болып келген. 1989–1990 жылдары тұрғындарға саяжай жер телімдері бөлінгенде кездейсоқ анықталған. Құрылыс жұмыстары кезінде әр қазылған жерден адам сүйектері табылып, бас сүйектердің шүйдесінде оқ іздері болған. Сөйтіп, бұл жердің саяси қуғын-сүргін құрбандарының жаппай жерленген орны деп танылады. «Жерленген» деген жәй сөз десек, қателеспеспіз. Себебі, одан кейін де жүргізілген қазба жұмыстары кезінде адамның қаңқа сүйектері жиі ұшырап отырған. Демек, жазықсыз атылған құрбандардың мүрдесін көлікке тиеп, Жаңалыққа жете бере көрінген шұңқырға аударып тастап, көме салған.

Жаңалықтағы ескерткіш басына жылда 31 мамырда алматылық Эльмира Әбиева да арнайы барып, тәу ететінін айтады.

– Менің атам Нақысбек Тіленшиев еңбек жолын Алматыдан бастап, 1935 жылы Алматы қалалық комсомол комитетінің екінші хатшысы болған. 1936 жылы Қостанай облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы лауазымына көтеріледі. Бірақ сталиндік репрессияның шеңгеліне ілініп, «халық жауы» атанып, қудалауға ұшыраған. Мен ол кісі туралы көп іздендім. Сонда білгенім, Алматы қаласында 1938 жылдың ақпан-наурыз айлары аралығында ұзын саны 631 адам атылған екен. Олардың 75%-ы өзіміздің қазақ зиялылары, көзі ашық азаматтар. Менің атам 1938 жылдың 28 ақпанында атылған 40 адамның ішінде болған. Qazaqstan tarіhu порталынан атамның аты-жөнін оқып, қатты жылағаным бар. Нақысбек Тіленшиев небәрі 29 жасында атылып кеткен. Жаңалыққа жерленген. Ұрпағы ұмытпасын деп, аты-жөнін жаздыртып ескерткіш орнаттым. Жүрегім сәл де болса тыныштық тапқандай, – дейді репрессия құрбанының ұрпағы Эльмира Әбиева.

Тарихшылардың зерттеулеріне сүйенсек, 1921–1954 жылдар аралығында Қазақстанда 100 мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырап, олардың шамамен, 25 мыңға жуығы ату жазасына кесілген. Ал «Әділет» тарихи-ағарту ұйымының зерттеу жұмыстары нәтижесінде Жаңалық топырағына көмілген 4119 құрбанның есімі анықталды.

**Сөз түйіні: бұл ескерткіштердің мәні – өткендер рухына тағзым, ал болашақ үшін – тағылым.**

Нұржамал ӘЛІШ.  
(Суреттер: ашық дереккөзден).



## БАР ҚАМҚОРЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА

**Балаларды қорғау күніне орай Алматыда мейірімге бәтәлік және қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылды. Балалардың құқығын қорғау басқармасы бас болған акцияда әлеуметтік жағдайы төмен және қолдауды қажет ететін отбасылардың балаларына ерекше көңіл бөлінді.**

«Қиял әлемі» ойын-сауық паркінде өткен мерекелік бағдарлама қаланың кішкентай тұрғындарына айрықша көңіл күй сыйлады. Бұл күні балалар аттракциондарға тегін мініп, көңілді уақыт өткізуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ, оларға арнайы тамақтану ұйымдастырылып, «Додо Пицца» бағамдары мен сусындар ұсынылды.

Балалардың құқығын қорғау басқармасы өкілдерінің айтуынша, мұндай іс-шаралардың басты мақсаты – балаларға қуаныш сыйлау ғана емес, олардың құқықтары мен әлеуметтік қолдауын күшейтеу, сондай-ақ қоғамда мейірім мен қамқорлық мәдениетін қалыптастыру.

Балалардың құқығын қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Зафар Аппазовтың айтуынша, іс-шараға қаладағы түрлі ауданнан әлеуметтік осал отбасылардың балалары тартылған. Оның айтуынша,

басқарма мектеп оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілерінен бастап, түрлі әлеуметтік санаттағы балаларға дейін толық қамту бағытында жұмыс істейді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай қайырымдылық және мерекелік бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Айта кетейік, 1 маусым күні мерекелік бағдарлама жалғасын тауып, Алматы қаласындағы №224 жалпы білім беретін мектептің акт залында концерттік іс-шара ұйымдастырылды. Сондай-ақ, іс-шара соңында балаларға сыйлықтар табыста- лады.

Аяжан СЕРІҚҚЫЗЫ.



**1 маусым – балалар мерекесі, яғни Халықаралық балаларды қорғау күні қаламызда бұрынғыдан да кең көлемде аталып өтілмек. Мәдени, спорттық, әлеуметтік және танымдық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылып, балалар мен ата-аналарға арналған арнайы бағдарламалар әзірленген. Биылғы мерекенің басты ерекшелігі ойын-сауық емес, керісінше, балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы, шығармашылық дамуы мен отбасылық құндылықтарға басымдық беріледі.**

# БАЛА КҮЛКІСІ – ПЕЙІШ СИМФОНИЯСЫ

## Шаһар тартуы

Осы ретте мерекелік іс-шаралар Алматының барлық ауданында өтеді. Негізгі концерттік бағдарламалар мен фестивальдер қаланың ірі саябақтарында ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Орталық мәдениет және демалыс саябағы, Family Park, Президент саябағы және Арбат маңында балаларға арналған интерактивті бағдарламалар, ашық аспан астындағы концерттер, аниматорлар шоуы, би флешмобтары мен театрландырылған қойылымдар өтеді. Балалар үшін шығармашылық алаңдар дайындалып, онда сурет салу байқаулары, қолөнер шеберлік сағаттары, кітап фестивалдері мен жас өнерпаздардың көрмелері ұйымдастырылмақ.

Қала кітапханалары мен мәдениет үйлері де балаларға қызықты мерекелік іс-шараларды жоспарлап отыр. Онда ертегі оқу сағаттары, танымдық викториналар және балалар жазушылары қатысатын кездесулерді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, спорттық бағыттағы шараларға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Қаламызда балалар арасында шағын футбол, баскетбол, эстафеталық жарыстар және ұлттық ойындар бойынша сайыстар өтеді. Тоғызқұмалақ, асық ату және арқан тарту сияқты ұлттық спорт түрлері бойынша арнайы бағдарламалар қарастырылған.

## Қоғамның басты көрсеткіші

Балаларды қорғау күніне орай Алматыдағы медициналық мекемелер де арнайы акцияларға белсенділікпен қатысып жатыр. Қалалық емханаларда балаларға тегін медициналық тексерулер жүргізіліп, педиатр, невропатолог, стоматолог және басқа да мамандар кеңес беретін болады. Кейбір орталықтарда психологтардың қатысуымен ата-аналарға арналған семинарлар өткізу жоспарланып отыр.

Мереке аясында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті бағдарламалар да ұйымдастырылады. Арнайы шығармашылық сабақтар, бейімделген ойын алаңдары мен қайырымдылық акциялары өткізіледі. Қоғамдық қорлар мен еріктілер ұйымдары балалар үйлері мен әлеуметтік орталықтарға барып, мерекелік бағдарламалар ұсынады.

Психолог Гүлмира Сейтова-ның айтуынша мерекелердің балалар үшін эмоционалды маңызы зор. «Бала үшін ата-анамен бірге уақыт өткізу, қоғамның назарын сезіну өте маңызды. Осындай мерекелер балалардың өзін қауіпсіз ері бақытты сезінуіне ықпал етеді. Сондықтан Балаларды қорғау күні тек сыйлық емес, балаға көңіл бөлу күні болуы керек», – дейді маман.

Біз көп жағдайда мерекеді балалармызды саябаққа қыдыртып, балмуздақ әперумен шектелеміз. Сосын концерт, сыйлық пен түрлі ойын-сауық бағдар-



Сурет: Жи

ламаларымен атап өтеміз. Алайда, мамандар балаларды қорғау бір күндік акциямен немесе мерекелік іс-шаралармен шектелмеуі керек дейді. Себебі, баланың қауіпсіздігі, психологиялық жағдайы, сапалы білім алуы мен бақытты балалық шағы – қоғамның басты көрсеткіші болуға тиіс.

## Психологиялық саулығы маңызды

Мамандар балалардың эмоционалды жағдайына көбірек назар аудару қажет екенін айтады. Мәселен, психолог Айгүл Нұрмағанбетова осы мәселе төңірегінде алаңдаушылық білдіріп,

линг, интернеттегі қауіп, тұрмыстық зомбылық, психологиялық қысым секілді мәселелер қоғамның ортақ алаңы болуы тиіс.

үнемі мәселе көтеріп жүреді. Оның айтуынша қазіргі балалар бұрынғы буынға қарағанда мүлде басқа ортада өсіп жатыр.

– Ақпараттың ортасында өскен бала ерте есейеді, көп нәрсені көреді, салыстырады. Бірақ эмоционалды тұрғыда әлсіз болуы мүмкін. Кей балалар ата-анасымен ашық сөйлесе алмайды, ішкі қорқынышын жасырады. Сондықтан баланы қорғау дегеніміз – оны тек қауіптен сақтау емес, оның

жан-дүниесін түсіну, – дейді маман.

Қоғамда балалардың өзін жалғыз сезінуі де көңіл бөлуге тиіс тақырып. Өйткені, ата-аналар жұмысбасты, гаджетке тәуелділік, әлеуметтік желілердің әсері балалар мен ересектер арасындағы байланыс жібір үзіп, адами қарым-қатынасты әлсіреткен. Жалпы, баланың қауіпсіздігі мектептен, көшеден, қоғамдық ортадан және ең алдымен отбасынан бас-



## КЕРЕК ДЕРЕК

**Елімізде бүгінде 6,9 миллионнан астам бала бар. Бұл – ел халқының үштен бірінен астамы балалар деген сөз. Алматының өзінде 688 мыңнан аса бүлдіршін мен жасөспірім өсіп келеді. Демек, мегаполистің күн сайынғы тыныс-тіршілігі де балалардың күлкісімен, мектепке асыққан оқушылардың қадамымен, ойын алаңдарының думанымен біте қайнасып жатыр.**

**Ұлттық статистика деректеріне сүйенсек, ел тұрғындарының 34,1 пайызын 18 жасқа дейінгі балалар құрайды. Балалар ең көп шоғырланған өңір – Түркістан облысы. Одан кейін Маңғыстау облысы мен Шымкент қаласы тұр. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның жас ел екенін, қоғамның болашағы мен дамуы ең алдымен бүгінгі балаларға байланысты екенін аңғартады.**

талады. Балалардың басым бөлігі әлеуметтік желіні ерте қолданатындықтан олардың кибербулингке, алаяқтыққа немесе психологиялық қысымға тап болуы мүмкін ғой. Сондықтан цифрлық қауіпсіздік мектептегі негізгі тақырыптардың бірі болуға тиіс.

## Қараусыз бала қаламын...

Жақында педагог Динара Сұлтанқызы мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың маңызы туралы қоғамға қарата айтты. Сөзінде шындық бар. Байқасаңыз, көп жағдайда бала өзін түсінетін адам іздейді. Егер үйдегілер оны тыңдамаса, ол басқа ортадан қолдау іздей бастайды. Әлемнің дамыған елдерінде балалардың пікірімен санасу мәдениеті қалыптасқан. Ал бізде кей жағдайда «үлкеннің сөзіне қарсы шықпа» деген түсінік әлі де басым. Бізге осы кезқарастан арылу керек. Психологтар да бұл көзқарасты өзгерту қажет екенін жиі айтады. Себебі, өз ойын ашық айта алатын бала ерте қоғамда да белсенді ері сенімді азамат болып қалыптасады. Балаңыз жалғыздыққа тап келмесін десеңіз, онымен сөйлесуге уақыт бөліңіз. Бұл бала үшін өте маңызды. Өтпей-айы, кейде біздер, үлкендер балаға қымбат сыйлық емес, жәй ғана бірге өткізілген уақыттың қымбат екенін ескермей жатамыз.

## Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚУСАЙЫНОВ, Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## ҰЛТТЫҚ ӘУЕН МЕН ДОСТЫҚ

**Алматыдағы Орталық мәдениет және демалыс саябағында өткен «Грузин халықтық думаны» мәдени-гастрономиялық фестивалі қала тұрғындарына ерекше көңіл күй сыйлады. Іс-шараға Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары, түрлі этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты.**



Түрлі этнос өкілдерін бір алаңға жинаған мерекелік іс-шара ұлттық мәдениеттердің үндестігін көрсеткен жарқын оқиғаға айналды. Фестиваль аумағына кіргеннен-ақ грузин музыкасының әуені, ұлттық би мен тағамдардың иісі келушілерді бірден ерекше атмосфераға бөледі. Іс-шара барысында «SURVILL» халық ансамблі, «Flower Dance», «Кавказ рухы», «Қарабах» шығармашылық ұжымдары және өзге де этномәдени орталықтардың өнерпаздары сахнада өнер көрсетті.

Фестиваль тек концерттік бағдарламамен шектелмей, қонақтарға ұлттық мәдениетпен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Арнайы көрме мен жәрмеңкеде грузин халқының тұрмыс-тіршілігі, қолөнері мен дәстүрлері насихатталды. Сонымен қатар, келушілер ұлттық тағамдардан дәм татып,

фотозоналарда естелік суретке түсті.

Қоғам белсендісі Всеволод Лукашев іс-шараның маңызын атап өтті. Оның айтуынша, Алматыдағы мұндай мәдени кездесулер түрлі ұлт өкілдерін жақындастырып, өзара құрмет пен түсіністікті арттыра түседі.

– Алматы әрдайым түрлі мәдениеттер тоғысқан шаһар болды. Осындай фестивальдер халықтарды бір-біріне жақындатып, ортақ құндылықтарды дәріптейді. Бұл – бейбітшілік пен татулықтың көрінісі, – деді.

Іс-шара соңында қонақтар көтеріңкі көңіл күймен тарқап, фестиваль тағы бір мәрте Алматының көпұлтты мәдени өмірінің ажырамас бөлігі екенін көрсетті.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.

Сурет: Самат ҚУСАЙЫНОВ.

## Алуан дәмнің астанасы



**Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде «ДелаРук Алматы – 2026» IV халықаралық гастрономия фестивалі өтті. Оған Қазақстанның әр өңірінен және шетелден келген жас аспаздар мен кондитерлер қатысып, шеберліктерін көрсетті.**

Қазақстан пиццасы – 2026» аталымдары бойынша жеңімпаздар анықталды. Келушілер тағамнан жасалған ерекше туындылар көрмесін тамашалады. Олардың қатарында Шымкенттен келген студент Мақсат Қорғамбаевтың «Этно стиліндегі таң» жұмысы мен Түркістан облысынан қатысқан Хаятүлжа Әбдіганиевтің тәтті наннан жасалған туындысы көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Колледж директорының орынбасары Ұлжалғас Дүйсенбаеваның айтуынша, халықаралық деңгейдегі фестивалді өткізу оқу орны үшін үлкен мәртебе.

– Осындай іс-шаралар мықты аспаздар мен наубайшылардың тәжірибесін арттырып, студенттердің кәсіби дамуына жол ашды, – деді ол.

Биыл Алматыда екінші рет өткен фестивальге 25 халықаралық сарлапшы тәріпкер етті. Байқауда «Алтын наубайшы», «Алтын бас аспаз», «Алтын бас кондитер», «Мықты

## Нұрлан СҮЙІН.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

# «КАМЕРА БӘРІН КӨРІП ТҰР»

## Мегаполис цифрлық қауіпсіздік жүйесіне қалай көшіп жатыр?




**Кешкі уақыт. Қаланың қақ орталығындағы аялдамалардың бірінде екі адамның арасында жанжал шығады. Кейін төбелес басталып, айналадағы адамдар жан-жаққа тарайды. Бірақ бұл жолы оқиғаны куәгерлер ғана көрген жоқ. Жақын маңдағы камералар күмәнді әрекетті автоматты түрде тіркеп, ақпарат бірден мониторинг орталығына жіберіледі. Жүйе адамдардың жаппай жиналуын, агрессивті қозғалысты анықтап, операторларға белгі береді. Полиция патрулі оқиға орнына бірнеше минут ішінде жетеді.**

Бұл – Алматыда қалыптасып жатқан жаңа цифрлық қауіпсіздік жүйесінің қалай жұмыс істейтінінің бір мысалы. Мегаполис цифрлық қауіпсіздік бағытында Орталық Азиядағы ең ірі жобалардың бірін іске асырып жатыр. Шаһарда жасанды интеллект енгізілген Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі қалыптасып келеді. 2023 жылы Алматыда 18 мың камера болса, қазір олардың саны 70 мыңға жеткен. Жоба smart city моделінің бір бөлігі ретінде іске асырылуда және оның басты мақсаты – құқықбұзушылықтың алдын алу мен қалалық қауіпсіздікті автоматтандыру.

Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі қаладағы камераларды бір платформаға біріктіріп, бейнебақылауды нақты уақыт режимінде талдайды. Жүйе түтін мен өртті, күмәнді заттарды, төтенше жағдай белгілерін, адамдардың қозғалысын және қоғамдық тәртіп бұзушылықтарын анықтай алады. Сонымен қатар, бейнеаналитика көлік нөмірлерін тану, адамдар көп шоғырланған аумақтарды бақылау және күмәнді әрекеттерді тіркеу функцияларын орындайды.

Қазір 8 мыңнан аса инфрақұрылым нысаны аталған жүйеге қосылған. Олардың қатарында мектептер, балабақшалар, ауруханалар, қоғамдық орындар мен көлік инфрақұрылымы бар. Әсіресе, білім беру ұйымдарының толық цифрлық бақылауға



көшуі жобаның маңызды кезеңдерінің бірі болды. Алматыда алғаш рет мемлекеттік мектептер мен балабақшалар кешенді қауіпсіздік жүйесімен қамтылды. Оның құрамына цифрлық камералар, Face ID турникеттері, дабыл батырмалары және өрт қауіпсіздігі жүйелері енгізілген.

Алматы қалалық Цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары Мейрам Дүйсековтің айтуынша, қазіргі жүйелердің басты мақсаты – тек оқиғаны тіркеу емес, қауіптің алдын алу.

«Келесі жылы біз жаңа бейнебақылаудың жаңа мүмкіндіктерін енгізуді жоспарлап отырмыз. Оның ішінде: заңсыз қоқыс үйінділерін анықтау, қоғамдық көліктерді бақылау мен қаңғыбас үй хайуанаттарын анықтау жүйелері бар. Тағы бір маңызды бастама – Cell Broadcast технологиясын қолдану арқылы жедел ескерту жүйесінің енгізілуі», – деді Мейрам Дүйсеков.

Бүгінгі уақытта «Сергек» интеллектуалды қауіпсіздік жүйесі де кеңейтілуде. Алматыда 2000-ға жуық аппараттық-бағдарламалық кешен жұмыс істейді. Олар 9 мыңнан астам камераны қамтиды. Жүйе жол қозғалысын бақылап қана қоймай, жасанды интеллект арқылы адамдар

тобын, күдікті заттарды, жол ережесін бұзу фактілерін және төтенше жағдай белгілерін анықтай алады. Мәліметтерге сәйкес, бейнемониторинг жүйесі іздеуде жүрген күдіктілерді табуға да көмектескен.

Цифрлық бақылау тек қауіпсіздікпен шектелмейді. Алматыда экологиялық мониторинг те жаңа деңгейге көтерілген. Бүгінде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау орындары Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі арқылы бақыланады. Жүйеге 730 бейнекамера интеграцияланған. Сонымен бірге, қоқыс шығару бағыттарын GPS арқылы бақылау енгізіліп, қамту деңгейі 65 пайызға жеткен. Болашақта бұл көрсеткішті 80 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Ауа сапасын бақылау үшін қалада 296 датчиктен тұратын желі жұмыс істейді. Оның 200-і 2025 жылы Almaty Air Initiative қорының қолдауымен орнатылған. Бұл атмосфералық ауаның жағдайын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Алдағы жоспарларда су қорғау аймақтарын бейнемониторинг арқылы бақылау, экологиялық дрондардың бірыңғай инфрақұрылымын құру және MassAlert ерте хабарлау жүйесін дамыту көзделген.

Қоғамда «камералар көбейген сайын қылмыс азайды ма?» деген сұрақ жиі қойылады. Ресми статистика оң нәтижелердің бар екенін көрсетеді. Ресми органдар бұл өзгерістерді профилактикалық жұмыстармен, бейнебақылаудың кеңеюімен, цифрлық аналитикамен және патрульдеуді күшейтумен байланыстырады. Сарапшылардың пікірінше, smart city моделінде қауіпсіздік енді тек полиция санына емес, деректерді өңдеу жылдамдығына тәуелді. Бұрын камералар тек оқиғаны жазып алатын құрал болса, қазір олар қаланың цифрлық аналитикалық инфрақұрылымының бір бөлігіне айналып отыр.

Алып шаһарымыздың қауіпсіздік пен цифрлық бақылау инфрақұрылымы бойынша өңірдегі ең технологиялық қалалардың біріне айналып келе жатқаны қуантады. Бірыңғай бейнемониторинг жүйесінің тек бақылау құралы емес, құқықбұзушылықтың алдын алуға, экологиялық бақылауды күшейтуге және төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін цифрлық басқару тетігі екеніне көз жеткізіп отырмыз.

Инфографиканы жасаған  
Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ

# АШЫҚТЫҚ, ЖЫЛДАМДЫҚ, ЖАУАПКЕРШІЛІК

## Мемлекеттік қызмет қалай өзгереді?

**Қазақстанның мемлекеттік органдары мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып, халықпен ашық байланыс орнатуға басымдық беретін жаңа жұмыс моделіне көшіп жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Еркеболат Нұржігітов жуырда Мемлекет басшысы қол қойған «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» заңның жаңа редакциясына түсініктеме берді.**

Спикердің айтуынша, жаңа заң мемлекеттік қызметті заманға сай, икемді әрі азаматтарға түсінікті ету үшін қажет. Билік өкілдері мемлекеттік органның жұмысы жылдам әрі тиімді болады, мемлекеттік қызметшілер де халықтың сұранысына бейімделіп, ашық әрі кәсіби бола түседі деп отыр. «Қолданыстағы заң 2015 жылы қабылданған, содан бері мемлекеттік қызмет жаңа сын-қатерге тап болды. Қазір азаматтар жылдам, түсінікті әрі сапалы қызмет күтеді, жүйенің өзі соған икемді болуы тиіс. Сондықтан заңнаманы жаңартып, оны жаңа талапқа бейім-

дедік», – дейді Еркеболат Нұржігітов. Заңның жаңа нұсқасында алғаш рет мемлекеттік қызметті өткеру тәртібімен қатар, оның қандай қағидатқа негізделуі керектігі де бекітілді. Олардың қатарында кәсібилік, ашықтық, клиентке бағдарлану, әдептілік, мінсіз бедел, сондай-ақ жемқорлық пен мүдде қақтығысына төзбеушілік те бар.

Құжатта мемлекеттің сервистік моделіне ерекше назар аударылған. Енді жүйенің орталығында формалды тәсіл мен бюрократия емес, адам мен оның мұқтажыды тұруы тиіс. «Сервистік модель дегеніміз – мемлекеттің адамға барынша қолайлы болуы. Ол формальды рәсімге емес, нақты мәселені шешуге назар аударады. Мемлекеттік қызметші тек функция орындаушы емес, халыққа көмектесіп, қоғаммен ашық диалог орнататын маман болуы керек», – дейді спикер.

Өзгеріс мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіне де әсер етеді. Билік бас артық рәсімдерді қысқартып, мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуді жеңіл әрі ыңғайлы етпек ойда. Атап айтқанда, азаматтардың өтініші түрлі себеппен қараусыз қалмауы тиіс, жұмыс барысы да жылдам әрі



түсінікті болуы қажет. Департамент басшысының айтуынша, жаңа заң мемлекеттік қызметшілердің жұмысының сапасы мен олардың халық алдындағы жауапкершілігіне қойылатын талапты күшейтеді.

Басты жаңалықтың бірі – мінсіз бедел институтының енгізілуі. Заңда қандай жағдайда адамның мемлекеттік қызметке қабылданбайтыны немесе қызметін жалғастыра алмайтыны нақты айқындалады. Сонымен қатар, билік жастарды мемлекеттік қызметке көптеп тартуды жоспарлап отыр. Болашақ мемлекеттік қызметшілер үшін білім беру бағдарламасы мен кәсіби дағдынды дамыту жүйесі енгізіледі. Кадрларды іріктеу жүйесі де елеулі өзгеріске ұшырайды. Конкурс толықтай «Е-қызмет» жүйесі арқылы цифрлық форматқа көшеді. Соның арқасында іріктеу мерзімі 5–7 жұмыс күніне дейін қысқартып, кандидатты жасырын түрде бағалау мен үздіктерді автоматты түрде іріктеу арқылы рәсімнің ашықтығы артады.

Бетті әзірлеген  
Дана САДЫРҚАН.

**Ұзақ жылдық журналистік қызметте мемлекет және қоғам қайраткері Сағат Әшімбаевпен үш рет жолымыз тоғысқан екен. Алғашқысы – сексенінші жылдары «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде Сағат аға редактордың орынбасары кезінде бірге қызмет атқардық. Бөлім журналистері дайындаған мақалаларды Сағат аға оқып, қол қоятын. Көңілінен шыққанын кідіріссіз жіберіп, қайнауы ішінде, толықтыруды қажет еткенін қайтарып беретін. Дайындаған мақаланың сапасы мен сөйлем құрылысына, әсіресе, тіл байлығына ерекше көңіл бөлетін.**

Селдір-селкеу сөйлемдер Сағат ағаның түзетуінен кейін төрт аяғын тең басып, құлпырып шыға келетін. «Мақаланың тақырыбы айқайлап, оқырманды тартып тұратын болсын!», – дейтін Сағат аға. Ішкі мазмұнын ашатындай етіп, тақырыбын өзгертіп берген ағаның білім-қабілеті мен талғамының жоғары екенін сезетінбіз. Көкейтесті мәселелерді қамтыған мақалаларға Сағат ағаның қара сиямен өзгертіп жазып берген «Қырық бес минуттың қиындығы», «Төл өнеріміздің ертеңін ойласақ», «Қиын бала» қайдан шығады?», «Менің балам училищеге бармайды», өзге де тақырыптары әлі күнге есімде қалыпты.

Сағат Әшімбаевтың ұлтжандылығы мен шығармашылық қарымы күнделікті қызметімен де, ауызекі сөзімен де әйгіленіп тұратын. Жұмыс арасындағы қолы қалт еткен кезде бөлімдерді аралап, журналистермен емін-еркін әңгімелесіп, сергітіп алатын. Көп оқып, көп білетін ағамыз екпіндеп сөйлейтін әдетімен бұрын-соңды естімеген небір беймағлұм деректермен қызықтырып, көңіл сарайын ашып, қиялымызға ұшқын беретін. Ана тіліміздің қадір-қасиетін шын сезініп, үстемдік құрған тілді де еркін, жан-жақты меңгеру арқылы өзгелерімен терезесі тең сөйлесіп, ұлы халықтың өкілі болуға меңзеген талғам-таразысы биік әңгімесі әсерлі естілетін.

Ғабит Мүсіреповтің ақшасын санап, ұлы адамдармен жақын араласқанын да сыр етіп айтатын. Кеңестік үгіт-насихаттың ықпалымен Сағат ағаның кейбір сөздеріне сақтықпен қараған кезіміз де болды. Жалындаған жастық шағымызда таралымы мол жастар газетінде Сағат Әшімбаевтай озық ойлы азаматпен қызметтес болған өмірдегі шуақты жылдарымыз еді ол. Сағат Әшімбаев туа бітті жаратылысынан айнымастан әділдігі мен турашылдығынан талай теперіш те көрді.

Екінші жолы – жастардың «Жалын» баспасы жұмысын бастаған алғашқы жылдары Сағат ағамен тағы да қауыштық. Екеуміз екі бөлімде жүргенде ағамен жолыққанда іштартып, жылыұшырай сөйлесетін. Жазып жүргендерім туралы сұрап, кітап шығару керектігін де еске салатын. Қалдарбек Найманбаев басқаратын «Жалын» баспасы жүзден астам қызметкер еңбек ететін ірі кітап өндіріс орны болды. Авторлар қолжазбасы алдын ала сұрыптау мен көркемдік кеңестен өтіп, өндіріске жіберілетін. Алқалы жиында Сағат аға да ойын айтып, жас қаламгерлерге қамқорлық, жарық көретін кітаптардың тақырып ауқымы, сапасы мен безендірілуі туралы ұсыныс-пікірін ортаға салатын. Сол ағалардың ақыл-кеңесінің арқасында алғашқы кітаптарымыз баспадан жарық көрді. Демалыс күндері жерлес ағамыз Асқар Сүлейменовтің пәтерінде Сағат ағаны да кезіктіріп, әлемдік білім құнарымен сусындаған жандардың қызықты әңгімелерін құмартып тыңдайтынмын.

Үшінші кезігуіміз – Сағат Әшімбаевтың телерадио комитетін басқарған жылдары болды. Сағат аға телевизия және радио хабары комитетінде рухани мәдениет, ұлттық сана мен ана тілінің мәртебесін көтеру мақсатында күш-жігері мен білім-қабілетін жұмсады. Зиялы қауымның озық ойлы өкілдерін төңірегіне жиып, ұлтымыздың көкейкесті мәселесін қамтыған «Парыз бен қарыз» сияқты телехабар-



Суретте: 1990 жылы Қаратау қаласында өткен телерадио журналистерінің республикалық семинары. Бірінші қатардағы үшінші тұрған автор, бесінші тұрған Сағат Әшімбаев, телерадио комитет басшылары мен журналистер қауымы.

# ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТ

## Сағат Әшімбаевтың ана тіліне құрметі

лары елдің есінде сақталып қалды. Білікті басшы үгіт-насихаттың қуатты құралын жаңа техникалық құралдармен жабдықтауға, ұлттық кадр дайындауға күш салды. «Біз болашақта қазақ тілінде жеке телеканал ашу мәселесімен жүйелі түрде айналысамыз, бұл мәселені қалай да жолға қоямыз. Себебі, бізді қазақ тілінің келешегі қатты ойландырады. Ата-бабамыздан қалған, қанымыз бен жанымызға жақын басты құндылық болса, ол – тіл деп білемін. Сол тілдің тағдырына байланысты жеке телеканал міндетті түрде керек. Себебі, бұл жерде басқа халықтардың мүддесіне ешқандай нұқсан келмейді», – деген еді Сағат Әшімбаев бұқаралық ақпарат құралдары журналистерімен өткізген жиынында.

Сағат Әшімбаев республикалық телерадио комитетіне басшылық жасаған жылдары ақпараттандыру ағымын күшейту мақсатында еңбек етіп, Орталық Комитетке, Министрлер кеңесіне талап-ұсыныспен шығып, көптеген жаңашыл бастамаларды жүзеге асырды. Сол кездері елдегі экономикалық-әлеуметтік жағынан артта қалған 30 ауданда радио хабары редакциялары дербес ақпараттандыру орталығы болып құрылып, жұмыс істеді. Ондағы мақсат – шалғай аудан халқы арасында ақпарат ағымын күшейту, мемлекеттік тілде дайындалатын хабарлардың эфирдегі көлемін арттырып, қазақ тілінің мерейін көтеруді көздеді. Шеткері аудандарда шаңырақ көтерген радио хабары редакцияларының жауапты редакторлары Алматыға шақырып, 1990 жылы ақпанда өткен жиынға Оңтүстік өңірінің Созақ ауданынан келіп қатысқан едім. Жаңадан қолға алынған шаруаны қалай бастап, қандай мәселеге назар аудару қажеттігі туралы телерадио комитетінің жетекші, тәжірибелі журналистері, бөлім меңгерушілері, құрал-жабдықпен қамту мамандары арнайы дәріс берді. Сағат Әшімбаев та журналистермен кездесіп, ел үшін қызмет етуде шығармашылық шабыт пен табанды еңбек керектігін еске салып, телерадио комитеті тарапынан қажетті қолдау-көмек болатынын айтты. Аудандағы радио студиялары хабар дайындайтын

техникалық құрал-жабдықпен қамтылатын болды. Қазіргідей диктафон жоқ кезде дыбыс жазатын, иыққа асып жүретін, салмағы едәуір «F-1» репертерімен қамтылды. Артынша төрт қызметкері бар аудандық радио хабары редакциясы хабарды монтаждап, эфирге шығаратын «МЭЗ» қондырғысымен қамтамасыз етілді.

Жамбыл облысының Қаратау қаласында телерадио журналистерінің республикалық семинары өтіп, Сағат Әшімбаев бастаған комитеттің жетекші мамандары барды. Екі күндік семинар жұмысының соңында Сағат Әшімбаев сөз сөйлеп, журналистер алдында тұрған міндеттер мен комитет тарапынан атқарылатын шараларға тоқталды. Телерадио студияларын қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етуді, радио редакцияларын қаржыландыру мақсатында банктен есепшот ашуға жергілікті атқарушы орындарға талап-өтінішпен шығатынын да құлаққағыс етті. Жиын соңында Сағат ағамен жолығып, тілдесудің сәті түсті. «Ауылға қалай кетіп қалып жүрсің?», – деген сауалына отбасы жағдайымен елге оралғандымды айтқанда: «Соzaқты қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған ел деп естимін. Ауылда жазуыңа қажетті деректерді жиып жүрген боларсың?», – деген еді. Сол басқосудан кейін көп ұзамай аудандық атқару комитеті жергілікті радио хабары редакциясы жұмысын жақсарту туралы арнайы шешім қабылдап, банктен жеке есепшот ашылды. Қаратау қаласында Сағат Әшімбаев көтерген мәселенің кешікпей жүзеге асып, іскер басшы екеніне тағы да көзіміз жеткен еді.

Сағат Әшімбаев телерадио комитетін басқарған тоқсаныншы жылдардың басында қолы қойылған аудандық радио хабары редакциясына жолдаған екі хаты әлі күнге сақтаулы. 1990 жылғы 16 тамыздағы хатта республикалық телерадио хабары жөніндегі мемлекеттік комитет тарапынан қазақ және басқа да ұлттық тілдерді дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес атқарылар шаралар туралы жазылған. Бұл шешімді қабылдау барысында Сағат Әшімбаевтың ана тіліміздің мәртебесін көтерудегі мақсатын іске асырудың қолайлы сәті түскенін байқаған едік. Телерадио комитетінің барлық буындарында

іс-қағаздары үлгілерін қазақ тілінде дайындау, телевидение мен радиода таза ұлттық каналдар ашу, қазақ радиосының Бүкілодақтық радио хабарларының уақытын қысқарту есебінен қазақ тіліндегі хабардың көлемін ұлғайту, ұлттық тіліміздегі мектеп оқушылары мен балаларға арналған телерадио хабарларының сапасын арттыру және мемлекеттік тіл мәселесіне арналған хабарларға тіл мамандарын, ғалымдар мен ақын-жазушыларды кеңінен тарту туралы да нақтылы шаралар көрсетілген.

Шалғай аудан радио хабары редакциялары жауапты редакторларына жолданған 1991 жылғы қаңтар айындағы екінші хаты жергілікті жерде ақпарат таратудың жағдайын, қолбайлау болған мәселелер, қазақ тілінде жүргізілетін хабарлардың жай-күйі мен қандай көмек-қолдауды қажеттігін анықтау мақсатында сауалнама ретінде, қамқорлық көрсету ниетінде жазылды. Сағат Әшімбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асқан бастама бес жыл жұмыс істеп, қайта құрудың 1995 жылы қаржы тапшылығынан жабылып қалды. Бұл – ұлтжанды азамат Сағат Әшімбаев өмірінің соңғы жылдарындағы қайраткерлік қызметінің жарқын көрінісінің бірі еді.

Туған халқы мен оның төл тіліне деген ыстық ықыласын жүрек түкпірінде құндақтап өткен ұлтжанды азаматтың тәуелсіздік жылдары жүзеге асырған деген мақсаты көп еді. Сағат Әшімбаевтың тәуекелшіл талпыныстары халық есінде қалды. Кейіннен республикалық басшыларда журналистік қызмет атқарған жылдары Сағат ағаның айтқан сөздері жадыма жаңғырып, ұлтқа қызмет етуде ықпал-әсері мол болған еді.

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатынын халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы бір ғасыр бұрын айтып кеткендей, кешегі кеңестік, партияның бір орталықтан билеп-төстеген кезеңінде ана тіліміздің мәртебе-мерейін көтеруге күш-жігері мен білім-қабілетін жұмсаған, ұлттық ой-сананың кемелденуіне қомақты үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаевпен бірге өткізген жылдарды сағына еске алатын болдым.

**Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,**  
Қазақстанның құрметті журналисі,  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.



## ТАРТЫСТЫ ТУРНИР ӨТТІ

**Мегаполистегі Налуқ Агепа спорт кешенінде хоккейден тартысты турнир өтті. Төтенше Жағдайлар министрінің кубогы үшін өткен жарысқа еліміздің әр өңіріндегі төтенше жағдайлар қызметкерлерінің командалары қатысып, мұз айдында өзара бақ сынасты.**

Турнир «BATYR TEAM» спорт клубының бастамасымен ұйымдастырылып, оған Қазақстан хоккей федерациясы, Спорттық нысандар дирекциясы және Алматы қаласы әкімдігі қолдау көрсетті. Жарыс барысында командалар жоғары дайындықтарын көрсетіп, көрермендерге әсерлі ойын сыйлады. Әсіресе, жартылай финалдық кездесулер тартысты өтіп, жанкүйерлерді желпіндірді. Үздік командалар

ойын барысында жылдамдық пен ұйымшылдықтың жоғары деңгейін көрсетті.

Қатысушылардың айтуынша, турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылып, төтенше жағдай қызметкерлеріне үлкен мотивация сыйлаған.

«Өте керемет әсердемін. Барлық команданың дайындығы өте жоғары екен. Әріптестеріміздің спорттық рухына тәнті болдық», – дейді астаналық

команданың мүшесі Рахым Камалов.

ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов жарыс жеңімпаздарын марапаттау кезінде турнирді жоғары деңгейде өткізген Алматы қаласына алғысын білдірді. Әрі алдағы уақытта ТЖМ кубогы үшін жарыстар бұдан да ауқымды өтетініне сенім білдірді. Тартысты жарыс көрсеткен командаларға да алғыс айтып, жеңімпаздарды

құттықтады. Турнир қорытындысы бойынша Алматының бас командасы «Барыс» тартысты жарыстың күміс жүлдесін еншіледі. Бас жүлдені Қарағанды командасы «Қыран» қанжығалады. Солтүстік Қазақстан облысынан келген «Қызылжар» командасы турнирдің қола жүлдесін еншіледі.

**Аружан СӘБИТ.**

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

## «ЖАС ДИНАМОНЫҢ» ТАРТУУЫ

**Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Динамо» стадионында спорттық іс-шара өтті. «Жас Динамоның» бұл жолғы спорттық мерекесіне қаламыздағы әскери-патриоттық қозғалыстардың, спорт секцияларының тәрбиеленушілері, колледж студенттері, инклюзивті спорт федерациясының мүшелері қатысты. Мерекелік іс-шара «Жас ұлан», «Жас сарбаз», «Жас шекарашы», «Жас құтқарушы», «Ел қорғаушы», тағы басқа да командалардың шеруімен басталды.**

Аталмыш іс-шара үрдіске айналып келеді. Сайысты ұйымдастырушылардың пікірінше, қаланың жас тұрғындары жылдың осы мезгілін сайысқа қатысу үшін сағына күтеді. Бұл жолы да іс-шараға қатысуға өтінім білдірушілер өте көп болған сыңайлы. Салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат тұтқан сайыс өте тартысты өтті. Қатысушылар бокс, дзюдо, таэквондо сынды спорт түрлерінен өз шеберліктерін көрсетті.

Іс-шарада қонақтар спорт түрлерінен басқа кинологиялық қызметтің арнайы

үйретілген иттерінің өнерін тамашалады. Сондай-ақ, барабаншылар мен саксофоншылардың өнері де мерекенің мазмұнын байыта түсті. Әскери қызметкерлер қару-жарақ көрмесі мен автоматты құрастыру және бөлшектеу бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастырды.

«AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров осындай бастамалар белсенді, дені сау жастарды тәрбиелеу үшін маңызды екенін атап, балалар мен жастарды дамытуға бағытталған жобаларды әрдайым қолдайтынын жеткізді.

Ардагер спорт журналисі Әлім Аппиянов спортпен шұғылданатын жастардың саны артып келе жатқанын айтады. Оның айтуынша, «Динамо» стадионы болашақ чемпиондардың Байқоңыры іс-петті. Жыл сайын осынау іс-шараға қатысқан балалар еліміздің бұқаралық спорты дамытуға белсене араласары сөзсіз. Үрдіске айналған «Жас Динамо» марафоны бұл жолы да талай жастың спорттағы қадамына куә болды.

Мерекелік іс-шара соңында барлық балаларға естелік сыйлықтар мен тәтті сусындар таратылды.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

Сурет: автор.



## ИГІ БАСТАМА ИЕСІН ТАПТЫ

**Бостандық ауданы мектептері түлектерінің көтерген бастамасы тағы бір қала тұрғынын қуантты. Бұл жолы олар көпбалалы ана Дурдона Хабиеваның отбасындағы 8 балаға қуаныш сыйлады. Түлектердің осынау игі ісі қоғамға да үлгі болып, іле қолдай кеткендер де бар.**

Шыны керек, соңғы жылдары кейбір білім ордаларында мерекелік іс-шараларға басы артық қаражат жұмсау үрдісі байқалып жүргені жасырын емес. Әрине, мұндай артық шығын мен «даңғаза думан» ата-аналардың қалтасына да оңайға соқпасы анық.

Осы ретте қалалық Білім басқармасы мұндай қаражат жинауды тоқтату үшін қатаң шара қолданылатынын ескертіп, ата-аналар мен мектеп басшыларын құлақтандырған болатын. Міне, «ақыл – жастан» демекші, сол ескертуді қабыл алған есті ұрпақ «Мектеп бітіру» кештерінің орнына ізгілік пен қайырымдылық жолын таңдап отыр. Олар сән-салтанатқа кететін шығынның орнына көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетуді жөн санады. Сонымен қатар,

биылғы түлектердің бір тобы бітіру кешіне жиналған қаражатты ата-ана қамқорынан тыс қалған балаларға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға және арнайы балалар мекемелеріне аударды. Бұл бастама жастардың азаматтық жауапкершілігін, мейірімділігі мен адамгершілік қасиеттерін айқын көрсетті.

Міне, осылайша «Жақсылық жасаудан асқан бақыт жоқ» деген ұстанымды ұстанған Бостандық ауданындағы мектеп түлектері қуанышты күнін өзгелермен бөлісіп, мұқтаж жандардың жүрегіне нұр құйып, үміт отын жақты. Олардың бұл әрекеті қоғам тарапынан да үлкен қолдау тауып отыр.

– Түлектердің бұл сауапты ісі қоғамда мейірім мен ізгіліктің артуына ықпал етіп, өзгелерді де жақсылық жасауға үндейді. Артық шығыннан бас тартып, көмекке мұқтаж жандарға қолұшын созған жастардың бастамасы нағыз мереке. Олар ізгілік деген мұқтаж жандарды қуантуда екенін ұғынды, – дейді №70 мектеп директорының орынбасары Қуандық Айдынулы.

**Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.**

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



# НАРЫҚҚА ДАЙЫН МАМАН КЕРЕК

**Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінде өткен «Мектеп – университет – нарық: білім берудің жаңа архитектурасы» атты педагогикалық идеялар фестивалі білім беру жүйесіндегі жаңа модельдерді талқылайтын ірі халықаралық алаңға айналды. Басқосуға ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, Алматы қаласы әкімдігі, ЮНЕСКО өкілдері, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғалымдары қатысты.**

Білім беру жүйесін еңбек нарығымен тікелей байланыстыру мәселесінің көтерілуі фестивалдің басты ерекшелігі болды. Сарапшылардың айтуынша, бүгінгі таңда дәстүрлі «мектеп – университет – дайын маман» моделі ескірген. Ендігі міндет – нарық сұранысына бейімделген, заманауи құзыреттерді меңгерген педагог даярлау.

Қазақ ұлттық Қыздар педаго-

гикалық университетінің басқарма төрағасы – ректор Бейбітгүл Кәрімова қазіргі өзгермелі кезеңде білім беру ұйымдары еңбек нарығымен тұрақты байланыста жұмыс істеуі қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, фестивалдің негізгі мақсаты – мектеп, университет және жұмыс берушілер арасындағы тиімді коллаборацияны қалыптастыру.



Халықаралық форматта өткен жиынға Түркия, Әзербайжан, Қытай, Италия, Латвия, Үндістан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан елдерінен келген сарапшылар қатысып, білім беру саласындағы озық тәжірибелерімен бөлісті. Фестиваль аясында ғылыми конференциялар, семинарлар, воркшоптар, пікірталас алаңдары, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі және ғылыми жетістіктер көрмесі ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, университет Рига және Қытай университеттерімен қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі меморандумдарға қол қойды. Бұл бастама студент-

тердің академиялық ұтқырлығын арттырып, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай алаңдар білім мен ғылымды интеграциялап қана қоймай, педагогикалық кадрлардың жаңа буынын қалыптастыруға жол ашады. Фестиваль барысында көтерілген бастамалар болашақта Қазақстандағы білім беру жүйесінің жаңа архитектурасын айқындайтын маңызды қадамдардың бірі ретінде бағаланды.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



## АҒЫП ӨТКЕН ШОҚЖҰЛДЫЗ

**Биыл қазақтың ұлы ғалымы, Баяхатшы әрі ағартушы Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толып отыр. Осыған орай Алматыдағы №169 мектеп-лицейде «Ұлы Шоқанның керуен жолымен» атты қалалық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.**

Іс-шараға Алматы қаласы Білім басқармасы, «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы», сондай-ақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы белсене атсалысты. Конференцияға Сәуле Әбішева арнайы қатысып, Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасының құндылығы мен оның Орта Азияны зерттеудегі еңбегінің маңызы жөнінде ой бөлісті.

Іс-шара барысында ғалымның өмірі мен шығармашылығына қатысты баяндамалар оқылып, тың деректер ұсынылды. Сонымен қатар, ғалымның этнография, тарих және география ғылымдарына қосқан үлесі кеңінен талқыланды. Іс-шараны ұйымдастырушы Мәншүк Қаржаубаева Шоқан мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін рухани әрі ғылыми бағдар екенін атап өтіп, «Шоқан Уәлиханов – тек тарихтағы тұлға емес, ол бүгінгі ғылымға да жол көрсететін шамшырақ.

Оның керуен жолдарын тану арқылы біз өз тамырымызды терең түсінеміз», – деп ғалымның қазақ ғылымы мен Ұлы дала өркениетіне қосқан зор үлесі, қысқа ғұмырында қалдырған мол мұрасын насихаттау мен оны білім беру үдерісіне енгізудің маңыздылығын ерекше атап өтті.

**Айдана ҚОЖАҒҰЛ.**



## «БҮКІР»

Алматыдағы әдеби ортада талқыланды

**Шаһарда «Меценат» әдеби сыйлығының жеңімпазы атанған Есболат Айдабосынның «Бүкір» романына арналған әдеби талқылау өтті. Жиында шығарманың көркемдік және идеялық қырынан сараланды.**

Жазушы әрі «Жетісу» телерадиоқешені мен радиосының басшысы Есболат Айдабосынның «Бүкір» романы биылғы «Меценат» әдеби сыйлығының бас жүлдесін иеленді. Жоба демеушісі Freedom Bank жазушыға өмір бойы ай сайын 500 доллар көлемінде сыйақы тағайындады. Әдебиеттанушы Елдос Тоқтарбай бүгінгі басқосудың негізгі өзегі автор емес, шығарма екенін айтты. Басқосу барысында «Меценат» әдеби сыйлығының бесінші маусымы туралы арнайы фильм көрсетілді. Онда байқаудың ұйымдастырылу ерекшелігі, бұған дейінгі жеңімпаздар және әдеби бәйгенің мақсаты баяндалды.

Елдос Тоқтарбай сөзінде ХХ ғасыр басында Алаш зиялылары әдебиетті қолдау үшін арнайы роман бәйгесін ұйымдастырғанын тілге тиек етті. Әрі қазіргі «Меценат» сыйлығы да сол рухани дәстүрдің жалғасы екенін айтты. Өз кезегінде Ерлан Асқарбек «Меценат» сыйлығы жазушыны да, ұйымдастырушыны да қатар өсіретін айрықша жоба екенін атап өтті. Сондай-ақ, ұйымдастырушы болашақ қатысушыларға бәйгеде жеңіске жетудің

басты шарты сапалы шығарма екенін айтты. Есболат Айдабосын көпшілік арасында романның тұсаукесері өтеді деген ақпарат тарағанымен, кітап әлі жарық көрмегенін айтты.

«Бұл – кітаптың тұсаукесері емес, әдеби талқылау. Мұнда шығармаға тек мақтау емес, сын пікірлер де айтылуы керек. Бұл автор үшін өте маңызды», – деді жазушы. Қаламгердің айтуынша, талқылау барысында оқырман мен сарапшылар өзі байқамаған астарлар мен символдарға назар аударған. «Кейде оқырман автордың өзі аңғармаған дүниені байқайды. Сол пікірлерден кейін шығарманың кей тұстарын толықтырсам деген ой келді», – деді ол.

Автор алдағы уақытта романды қайта қарап, толықтырулар енгізуді жоспарлап отыр. Осыдан кейін ғана туынды кітап болып жарық көруі мүмкін. Сөз арасында ол қазіргі қоғам мен адам тағдыры туралы жаңа роман жазып жатқанын да айтты. Әдебиет сыншысы Әлия Бөпежанова «Бүкір» романында адамның рухани қуаты мен ішкі қайсарлығы терең бейнеленгенін айтты.

«Романда адамның өмірдегі әділетсіздікке мойымауы, өз орнын табуға ұмтылысы әсерлі суреттелген. Шығарма адамды мейірімге, рухани тазалыққа үндейді», – деді сыншы. Сыншының айтуынша, романның басты жетістігі – көтерілген идеялардың көркемдік деңгейде шынайы әрі нанымды жеткізілуі.

**Дастан ҚАСТАЙ.**

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –

**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:

**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**

**Сейітқазы МАТАЕВ,**

**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз

**ALMATY AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**

«Almaty Aqparat» ЖШС.

E-mail:

[almatyaqparat@gmail.com](mailto:almatyaqparat@gmail.com)

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 100.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

# «ГҮЛЖАРЫС»

**Биылғы түлектердің соңғы қоңырау салтанаты гүл жарысымен есте қалатыны анық. Неге?**

Мектеп бітіріп жатқан балаларға ата-анасы, бауырлары екі-үш адам біріксе де құшағы жете қоймайтын 101 раушан, тіпті мықшындап екі жақтап көтеріп, дырылдатып сүйреп әкеліп бөшке-бөшке гүлдер сыйлап жатты.

«50 мыңға букет алды. Фотоға түсті. Мақтанды. Лақтырды. Әке-шешесі неше күн жұмыс істеп қиналып тапты сол ақшаны. Төленбей тұрған қарызы, несиесі тағы бар. Мына түрімізбен келесі жылы мектептің төбесіне тікұшақ қондыратын шығармыз», – деген пікір қалдырды әлеуметтік желі қолданушыларының бірі.

Ал енді бір оқырман: «Ұят болды! Машина кілтін, айфон да сыйлап жатыр баласына. «Соңғы қоңырау» деген салтанатты жиын сенің сыйлық беріп мақтанатын жеке мерекең емес, сыйлығыңды үйіңде бер! Жанында жетім бала тұрса ше немесе көпбалалы үйден шыққан, тұрмысы төмендеу бала болса ше? Кісілік қайда?», – деп ширықты.

Иә, соңғы қоңырау салтанаты сол күні бейне әлеуметтік шоуға айналғандай. Қас-қағым сәттік суретке, сынаптай сырғып өтер видеоға ғана сыйған әдемі көріністің астарында бәрінен озық болып көрінгісі келу, кімнің гүлі үлкен болды деп мақтану, даңғазалық, дарақылық, дандайсу жатқан жоқ па? Бұл жастардың қалауы ма, әлде бүгінгі қоғамның бет-бейнесі ме?

«Бұл – ысырапшылық, ата-анаға жаны ашымау. Ең бастысы, мұны әпеле алмайтын ата-ана да бар ғой, сондай сыныптастарын кемсіту. Иә, қыз

баланы еркелетуіміз керек, бірақ дәл осылай дандайсыту қажет емес», – деген пікірді де көзіміз шалды.

Ал Айлин есімді қыз әлеуметтік желіде жүзін көлегейлеп қойған суретінің бетіне мына жазбасын жариялапты: «Бүгінгі мектеп бітіру кешім жүрегімде ауыр естелік болып қалды... Айналамның бәрі бақытты. Әкелері құшақтап үлкен гүлін беріп жатыр. Қыздар суретке түсіп жарқырап жүр. Мен болсам, адамдарға байқатпай, көзіме жас толып тұрдым. Маған ешкім гүл әкелмеді... Ешкім «қызым» деп құшақтамады... Сыртым күліп тұрғанымен, ішім жылап тұрды».

«Кеше бір қыздың гүл әкелмеді деп жылап, әке-шешесімен ұрысқанын көріп, таңқалдым», – деген жазбаны да оқыдық.

Ата-ана демекші, «Өзіміз кезінде еш қызық көрмей өскесін, барымызды беруге тырысқаннан кеткен қателік шығар. Бұрын тіпті ақшаң болса да мұндай аста-төк болмады. Ал қазіргі балада елігу, желігу көп. Баланы рухани жағынан аз толтырған өзімізден шығар?», – деген ананың пікірі де елең еткізді.

«Сол үшін аузынан шыққан әрбір сөзді ақшаң жоқ болса да орындай бермеу керек. Жоқ па, жоқ. Баланы тек материалдық тұрғыда емес, жылы сөзбен, мейріммен өсіру керек. Гүлмен емес, біліммен жарыссын!», – деген пікір де көңілге қонатындай.

Әрине, кесімді пікір айтудан аулақпыз. Халық – таразы. Біз тек миллиондаған оқырман отыратын

әлеуметтік желі бетінде минут емес, секунд сайын жазылып жатқан сансыз пікірдің түйінін жеткіздік. Ал төрелігін айтуды өзіңізге қалдырдық, құрметті оқырман!

Карикатураны салған  
Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

# ӘН БҰЛБҰЛЫНА ҚҰРМЕТ


**Алматыда қазақ музыка өнерінің жарық жұлдызы Роза Бағлановаға арналған мурал салынды.**

Медеу ауданындағы «Самал-3» шағынауданы, 21-үйдің қасбетіне салынған сурет тұрғындардың әкімдікке жасаған өтініші негізінде жүзеге асырылды. Содан кейін көркем нысанды жасау жұмыстары ұйымдастырылған. Жобаның ерекшелігі – дәл осы үйде кезінде аңызға айналған бұлбұл әнші Роза Бағланова тұрған. Енді ғимарат қасбеті ұлы өнер иесіне деген құрмет пен тағзымның символына айналды.

Жобаны дайындау және жүзеге асыру жұмыстарына Роза Бағланованың келіні Марал Бағланова да қатысқан. Ол атқарылған іске ризашылығын білдіріп, үлес қосқан барша азаматтарға алғысын жеткізді.

Осындай игі істің нәтижесінде енді Халық артисінің жарқын бейнесі ел есінде әрі ұлттық өнер тарихында ғана емес, Алматы қаласының сәулеттік келбетінде де мәңгілікке сақталмақ.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ПРЕМЬЕРА

# ҮЛКЕН ЭКРАНҒА «ҚҰТ» КЕЛДІ

**Алматыда балаларға арналған фэнтези жанрындағы «Құт» фильмінің премьерасы болып, үлкен экранға жол тартты. Картина авторы – белгілі режиссер Айхан Чатаева.**

Ұлттық кино орталығының қолдауымен түсірілген көркем туындының оқиғасы Ақтоғай ауылында өтеді. Басты кейіпкер – ауылдың қадірменді ақсақалы Рақымбайдың (рөлді сомдаған Қонысбек Бекайдаров) немересі, жасөспірім Қайсар (Заңғар Тұрсынқазы) үшін шынайы өмір мен қиял тұтасып кеткен. Ол – кішкентай күнінен көне түркілердің аңыздарын оқып жүретін бала. Кинокартинада сол мифтер әлеміне де сүңгіп кетіп, Рухтар елшісінің (Әлия Бөпежанова) данагөйлігін танып-түсінуге ұмтылады. Жұдырықтай жүрегі туған

жер деп соққан қаршадай бала, аңызда Қара Мергенге (Болат Момынжанов) қарсы шыққан Қайсар батырдай, өңінде Ақтоғайдың жеріне көз тіккен бүгінгі қалталыларға қарсы тұрады...

«Фильмнің түпкі ойы көне түркі мифологиясына негізделген, Қазақ халқының Көк тәңіріне сыйынып, Ұмай-ананы қастерлеген көне түркі өркениетінен бастау алатын керемет дәстүрі – ата-баба аруағын қастерлеу. Туған жер – ата-бабаның сүйегі жатқан жерді көздің қарашығындай сақтау, қорғау, ешқашан ешкімге сатпау. Әйтпесе, одан Жаратушы-

ның сыйы – құт қашады. Міне, біз жас ұрпаққа осыны жеткізуді, фильм арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиені насихаттауды көздедік», – дейді режиссер және сценарий авторы Айхан Чатаева.

Сюжеті сан қырлы фильмге жас дебютанттар Бақдәулет Ақылбекұлы (Жайдар), Айша Мақсотова (Дария) және белгілі актерлер Дариға Күшкенбайқызы (Орынхан), Гүлмира Хасанова (Қырмызы), Мұхтар Қапалбеков (Рақымбайдың інісі) түскен.

Дәстүрлі фольклор мен заманауи өмір өзара сәтті үйлесім тапқан «Құттың» премьерасы «Арман» кинотеатрында өтті.

**Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.**  
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

